

Изатуллаева Б.С.,
Батырова Н.Т., Қарғабаева С.Т.

**Ауылдық аймақтардың
кешенді әлеуметтік-
экономикалық даму жағдайы**

Ауылдық аймақтарды дамыту мәселелері қазіргі таңда зерттеушілердің назарын жергілікті экономика мен жергілікті дамуды басқаруға аудартып отыр. Жергілікті ауылдың дамуын басқаруда стратегияның болмауы қаламен салыстырғандағы ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайының алшақтауына, жергілікті ішкі мәселелерінің өсуіне алып келеді. Қазіргі таңдағы ауылдық аймақтарды дамытуға бағытталған бағдарламалардың көпшілігі ауылшаруашылығы өнімдерінің интенсивтілігіне бағытталған және де олардың орындалуының ұзақ мерзімді перспективасын есепке алмайды. Мұндай жағдайдың маңызды себептерінің бірі дамудың ұйымдастырушылық-басқарушылық факторларының мәнін жете бағаламау болып табылады. Ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жай-күйін талдай келе ауылдық аймақтың мүлкі болып саналатын ресурстардың жеткіліктілігі қағидасын, мемлекеттік заңмен келісіле отырып, ауылдық аймақтар тұрғындарына өмір сүру деңгейін жоғарылату мақсатында мемлекет тарапынан қаржылық қолдау көлемін, ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын айқындайтын салаларды инвестициялау мүмкіндігін және ауылдық аймақтың инфрақұрылымын арттыру мүмкіндіктерін қарастыру қажет.

Түйін сөздер: ауылдық аймақтар, ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы, ауылдық аймақтарды дамытуға бағытталған бағдарламалар, аумақтық деңгейдегі дамудың стратегиялық жоспары, жергілікті басқару.

Batyrova N.T.,
Izatulaeva B.S., Kargabayeva S.T.

**The current state of the
complex socio-economic
development of rural areas**

Currently, the problem of rural development attracts the attention of researchers for the development of the local economy and local governance. The development of local self-government requires the decentralization of power, that is, the transfer of rights under the order of the resources governments in rural areas, the real participation of the population in the administration of the territories. A prerequisite for the social development of rural areas, as the Kazakh and foreign practice, is the level of development of local government. However, these factors are closely linked: the development of local self-government contributes to the rise of the agricultural sector; in turn, improve the financial condition of the industry creates the preconditions for the development of social infrastructure of the village. The development of local self-government talks about the importance and depth of the process - changing ideological foundations of society, shaping it into a relationship based on more equitable principles that provide a high social and economic impact. Consequently, the role of local government in social and economic development of the village is extremely high.

Key words: rural areas, socio-economic development of rural areas, rural development programs, strategic planning at the regional level, local management.

Изатуллаева Б.С.,
Батырова Н.Т., Карғабаева С.Т.

**Современное состояние
комплексного социально-
экономического развития
сельских регионов**

В данной статье рассматривается современное состояние комплексного социально-экономического развития сельских регионов в Казахстане. Развитие местного самоуправления говорит о важном и глубинном процессе — изменении идеологической основы общества, формировании в нем отношений, основанных на более справедливых принципах, позволяющих получить высокий социальный и экономический эффект. Следовательно, сегодня в условиях кризиса роль местного самоуправления в социально-экономическом развитии села чрезвычайно высока.

Ключевые слова: сельские регионы, социально-экономическое развитие сельских регионов, программы развития сельских регионов, стратегическое планирование на уровне региона, местное управление.

**АУЫЛДЫҚ
АЙМАҚТАРДЫҢ
КЕШЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУ ЖАҒДАЙЫ**

Ауылдық аймақтарды дамыту мәселелері қазіргі таңда зерттеушілердің назарын жергілікті экономика мен жергілікті дамуды басқаруға аудартып отыр. Біздің елімізде 2468 ауылдық (селолық) әкімшілік бар. Ауылдық жерлерде халықтың саны 7 млн. 310 мың адамды немесе республика халқының жалпы санына шаққанда пайыздық арақатынаста 47,1% құрайды. Жергілікті ауылдың дамуын басқаруда стратегияның болмауы қаламен салыстырғандағы ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайының алшақтауына, жергілікті ішкі мәселелерінің өсуіне алып келеді.

Ауылдық аймақтар Қазақстан азаматтарының $\frac{1}{2}$ бөлігі қоныстанған территориясының айтулы бір бөлігін алып жатыр. Табиғи, демографиялық, экономикалық және тарихи-мәдени секілді салмақты әлеуетті мәселелерге ие ауылдық аймақтар елдің экономикалық өсуі мен әлеуметтік дамуына айтарлықтай үлес қоса алады. Ауылдық аймақтардың тұрақты дамуына жеткізетін негізгі жағдай жергілікті халықты кең ауқымда араластыру негізінде дамыту жоспарларын жасау болып табылады. Мұнда ең маңыздысы болып жергілікті экономиканың дамуын стимулдап, жұмыс орындарын құру, сонымен қатар, өз аумағында дамудың жағымды климатын құру болып табылады.

Ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін, ауылдық аймақтарды тұрақты дамыту жоспарын жасау қажет. Ауылдық аймақтардың тұрақты дамуын жоспарлау Қазақстан Республикасының өңірлері (облыстарында), ауылдық аймақтар, ауылдық округ аумағында және ауылдық елді-мекендерде жүзеге асырылуы тиіс (1-кесте) [1].

Ауылдық аймақтарда жүзеге асырылып жатқан даму жоспарлары мынаны көрсетеді, олардың жартысынан көбі бағдарламалық емес, яғни, тек қана әкімшіліктің жақын арадағы 2-3 жылға арналған бір-бірімен әлсіз байланысқан іс-шаралар ғана. Бұл жергілікті деңгейде басқару қызметінің маңызды үрдісі жоспарлау ретінде мүлдем дамымағандығын көрсетеді. Мәселелік – сараптамалық, мақсатты және ресурстық блоктар мүлдем кездеспейді [2].

1-кесте – Ауылдық аймақтарды жоспарлау деңгейлері

Территория деңгейі	Мәселелерді шешудегі функциялары	Нәтиже
Қазақстан Республикасы	Аумақтық жоспарлаудың шектік шарттарын жасау. Республика облыстарының әлеуметтік-экономикалық жоспарлар интеграциясы	Мемлекеттік мақсаттарды орындау және өңірлік, аграрлық саясат пен қоршаған ортаны қорғау шарттарының жүзеге асырылуы. Республика облыстарының әлеуметтік-экономикалық даму жоспарлары интеграциясының жүзеге асырылуы
Облыс	Аудандар мен ерекше қорғалатын аумақтарды тұрақты дамытуға бағытталған мақсаттарды даярлау мен бағыттау және бағдарламаларды қалыпқа келтіру мен ірі іс-шараларды жоспарлау	Ауылдық аймақты тұрақты дамыту бағдарламасы – облысты әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламасының негізгі бөлігі ретінде
Аудан	Елді мекендерді табиғи ландшафттармен қоса бағытталған мақсаттарды даярлау мен бағыттау және бағдарламаларды қалыпқа келтіру мен ірі іс-шараларды жоспарлау. Ауданды тұрақты дамытуды стратегиялық жоспарлау.	Дамудың стратегиялық жоспарларын әзірлеу. Ауылдық аймақтарды тұрақты дамыту жоспарлары (ауылшаруашылық саласындағы жоспарлар, ландшафттық шектеулілік, су шаруашылығын жоспарлары, жерге орналастыру жоспарлары және т.б)
Ауылдық округ	Дамуды жоспарлау мен ауылдық елді мекендерді орналастыру, жерді пайдалану. Мақсатты бөлшектеп орындау және барлық ландшафтты қамтып тұрақты дамуға өту, жоспардың қалыптасуы мен негізделуі.	Ландшафттар жоспарлары, қоршаған ортаны қорғау жоспарлары, жерді ауылшаруашылық жерді қолдану, орман шаруашылығы жерді қолдану және т.б деп бөлу.
Ауылдық елді мекен	Селолар мен ауылдарды орналастыруды жоспарлау, құру жоспарлары, ауылдық аймақтарды құруды реттеудің құқықтық жағдайы.	Көгалдандыру, ауылшаруашылық жерлерді қолдану міндеттілігі және табиғатты қорғау аймақтарында орманды пайдалану.
Ауыл халқы	Нақты бизнес-жоспарларды жоспарлау және ауылды дамыту аумағында бастамашылық іс-әрекеттер жасау.	Жерді пайдалануды жоспарлау және неғұрлым тиімді экологиялық позициямен орналастыруды өткізу.
Ескерту: авторлар құрастырған		

Қазақстанның көптеген ауылдық аймақтары үшін стратегиялық жоспарлау жергілікті дамуға жету мақсаттарының жаңа құралы болып табылады.

Ауылдық округ ішкі ортасының тұрақсыздығы шарттарынан тұратын қиын жүйені көрсетеді. Аумақтың ұтымды және тиімді басқару деңгейіне және де әлеуметтік-экономикалық дамудың біз қалаған деңгейіне жету үшін дамудың бірінші кезекті де, ұзақ уақытты даму кезеңіне де мүмкіндік туғызатын стратегиялық жоспар қызметі қажет. Ол көптеген мәселелерді шешеді, жергілікті қауымдастықтың қажеттілігін үйлесімді түрде қамтамасыз етеді, қоғамдық келісімге жетуге әрекет етеді. Ол болмаған жағдайда аумақтың дамуы ақылға сыйымсыз болады, ал басқару болса, қазіргі таңда белең алып отырғандай, ішкі өзара факторларға әсер ету түрі болып қана қалады [3].

Ауылдық аймақтағы билік деңгейінде стратегиялық жоспарлау – бұл жергілікті қауымдас-

тық өз болашағы бар келбетін құруына көмек беретін жүйелі үрдіс болып табылады. Бұл өз кезегінде алға қойылған мақсаттарға жергілікті ресурстарды қолданумен сипатталады. Дамудың стратегиялық жоспарын аумақтың өзі қалаған болашағын көрсететін экономикалық және әлеуметтік құрылымы мен нақты мүмкіндігі бар ресурстарды мақсатқа жетуге бағытталған бейнені құжат түрінде көруге болады деп қарастырсақ та болады.

Стратегиялық жоспарлау төмендегілерді қарастырады:

Қоғамдағы топтасқан қызығушылық келісімділігі;

Аумақты дамытудың әлеуеті және қолда бар ресурстар мен мәселелерінің анықталуы;

Дамудың мақсаттары мен міндеттерін анықтау;

Әлеуеттер мен ресурстардың неғұрлым тиімді жолдарын таңдау негізінде ұзақ уақытқа дамуға бағытталған жоспар жасау;

Бағдарламалар мен жобаларды жасау.

Дамудың стратегиялық жоспары келесі мақсаттарға қызмет жасайды:

– Жоспарлау нысанының жеке ерекшеліктерімен қатар, күшті және әлсіз жақтарының анықталуы;

– Экономикалық және әлеуметтік басымдылықтарын орналастыру;

– Ағымдағы шешімнің ұзақ уақытты стратегиялық мақсатқа бағытталуы;

– Аумақтың экономикасына инвестиция тарту.

Сауатты түрде жасалған стратегиялық жоспарлау әр жылға арналған түрлі жоспарлардың жүзеге асуының негізі болып табылады. Осымен бірге, мынаны естен шығармаған жөн, стратегиялық жоспар дамудың көрсетілген көрсеткіштерінің орындалуына кепіл бола алмайды, ол тек дамудың жүзеге асуына көмек беретін бағыт болып қана табылады. Ол әрқашан да оны жасауда белгілі болған мәліметтерге негізделеді [4].

Ауылдық аймақтағы әлеуметтік-экономикалық дамудың ішкі және сыртқы шарттары, әсіресе, өзін-өзі басқару жүйесін реформалау мен ауылдық аймақтың тереңдеген дағдарыс жүйесі кезеңінде әрқашанда өзгеріп отырады. Сондықтан да, стратегиялық жоспар әрқашанда өңделіп және толықтырылып тұруы тиіс. Әдетте, бұны мақсатқа сай жылына бір рет аудан деңгейінде және өңірлік деңгейде екі жылда бір реттен көп емес уақытта жүзеге асырып тұруға болады.

Стратегияны жасау мен оны жүзеге асыру жергілікті қауымдастықтың барлық қабаттарының және билік арасында серіктестік қатынастардың болуын, халықпен және бизнеспен қарым-қатынаста болуын талап етеді. Жергілікті әлеуметтік-экономикалық дамудың негізін құрайтын стратегиялық серіктестік шегінде әрбір қатысушы өз үлесін қосады. Стратегиялық жоспарды құруда және жүзеге асыруда қатысушылардың барлық негізгі топтары қызмет атқаруы тиіс (2-кесте).

2-кесте – Стратегиялық даму жоспарының қатысушылары

Басқару құрылымы	Экономиканы дамыту мекемелері	Иелік ететін субъектілер	Халық	Басқалары
Аудан әкімшілігі	Дамыту орталықтары (ауылдық кеңес беру орталықтары)	Қаржы мекемелері	Қоғамдық ұйымдар	Ғылым өкілдері
Аудандық ведомстволар		Шағын және орта бизнес кәсіпорындары	Халық тарапынан бастамалар	Сыртқы консалтингтік ұйымдар
Ауылдық округ әкімшіліктері		Үлкен кәсіпорындар. Енді бастап жүрген кәсіпкерлер. Кәсіпкерлер бірлестігі.	Белсенді азаматтар	Бұқаралық ақпарат құралдары
Ескерту: авторлар құрастырған				

Бұл қатысушы топтар келесідей міндеттерді атқарады:

1. Жергілікті әкімшілік стратегияның жасалуы мен жүзеге асырылуына керекті шарттарды құрады және қолдайды.

2. Халық пен кәсіпкерлер өздерінің қатысуымен стратегияның жүзеге асуының табыстылығын қамтамасыз етеді және стратегиялық жоспардың ақиқаттылық деңгейін көтереді.

3. Дамыту орталығы стратегияны жасауда үйлестіруші және үлгілеуші қызметін атқарады.

4. Ал қалған басқа да қатысушылар стратегиялық жоспарлау үрдісінде кеңес беру және керекті қоғамдық жұмыстарды атқарады.

Тек қана барлық тараптардың белсенді қатысқанында ғана жоспарлау үрдісінде жоспардың жүзеге асуы мүмкін.

Аумақтық деңгейдегі дамудың стратегиялық жоспары жергілікті қауымдастыққа бағытталған үрдістің барлық қатысушыларына бағыт жасайды, бизнес өкілдеріне, билікке, тұрғындар мен әлеуетті инвесторларға перспективалар ашады. Мұнда сөз стратегиялық серіктестік, стратегиялық бағыттар ізденісі және келісімді түрде қызмет атқару мен оған жету жайында болып отыр. Аудандық дамудың стратегиялық жоспары үрдісінің өткен жылдардағы перспективтік жоспарлардан бас-


ты айырмашылығы да осында. Стратегиялық жоспарлаудың мұндай заманауи үлгісі әрбір тұрғын үшін де маңызды және қызықты бола алатындай жағдайы бар.

Қазақстандағы ауылдық округтердің үлкен бөлігі ерекше аномалиялы аймақтарға жатқызуға болады. Аймақтық саясат теориясында оларды мәселелі аймақтар деп атау қарастырылған. «Мәселелі аймақ» түсінігінің үйлестірушілік мәні мынадай: бұл аймақтар өзінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін өздері шеше алмайды, сондықтан да мемлекеттің белсенді қолдауын қажет етеді.

Мәселелі ауылдық аймақтар – әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан артта қалған ауылдық аймақтар болып табылады. Көптеген ауылдық аймақтар осындай аймақтардың қатарына жатады.

Әлеуметтік және экономикалық жағынан артта қалған мәселелі аймақтар да өз кезегінде артта қалу деңгейі мен себептері жағынан үш түрге бөлінеді. Олар:

- әлсіз дамыған және артта қалған ауылдық аймақтар;
- күйзеліске ұшыраған ауылдық аймақтар;
- дағдарыс жағдайындағы ауылдық аймақтар (1-сурет).



Ескерту: авторлар құрастырған

1-сурет – Мәселелі ауылдық аймақтардың деңгейлік сипаттамалары

Қалыптасқан дәстүр бойынша жергілікті ауылдық органдарға байланысты жыл сайын мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасының құрамдас бөлігі ретінде бағдарламалар әзірленеді. Жергілікті бюджеттің құрамында әлеуметтік салалардың тұрақты және дамуы үшін шығындар бекітіледі.

Ауылдық аймақтағы жергілікті әлеуметтік саясат төмендегі мақсаттарға жетуге бағытталуы тиіс:

– Ауылдық аймақтың әлеуметтік саласын дамыту, әлеуметтік сала нысандарымен қамтамасыз етілу деңгейінде қала мен ауылдың арасындағы алшақтықты қысқарту;

– Ауылдық аймақта өмір сүру тиімділігін арттыруға негіз жасау, көші-қон саясаты аумағындағы жалпымемлекеттік міндеттерге сәйкестендіру;

– Ауылдық экономика мен ауыл тұрғындары кірісін өсіру жолымен ауылдық аймақтардағы еңбек нарығын кеңейту;

– Жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу мақсатында әлеуметтік салада ауылшыруашылығы кә-

сіпорындары мен ұйымдарына қолайлы жағдай жасау үшін шарт қою.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін келесідей міндеттерді шешу қажет:

– Ауылдық аймақтардағы экономикалық секторлар мен әлеуметтік салаларда қызмет жасау үшін жоғарғы және орта кәсіптік оқу орындарының түлектері болып табылатын жас мамандарды жұмысқа тарту мен орналастыру;

– Бірінші медициналық-санитарлық қызмет сапасын арттыру есебімен ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайын жақсарту;

– Аурудың алдын алу үшін дене тәрбиесі мен спорттың рөлін арттыру, халықтың жұмысқа жарамдылығына қолдау көрсету; профилактикалық аурулардың, нашақорлық пен алкогольизмнің алдын алу шараларын ұйымдастыру;

– Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті кадр даярлау мақсатында ауыл мектептеріндегі оқушылардың білім деңгейін жоғарылату, білім сапасын заман талаптарына сай өзгертіп отыру;

– Ауылдағы мәдени қызметтерді белсендіру;

– Ауыл халқының жұмысбастылық деңгейін көтеру, жаңа жұмыс орындарын ашу мен оны сақтап қалу [5].

Барлық деңгейдегі бюджет құралдарының шектеулігін есепке ала отырып, алға қойылған міндеттерді шешудің келесідей жолдарын ұсынуға болады:

Мемлекеттік және жергілікті деңгейде ауылдық аймақтың дамуына басым мемлекеттік қолдау көрсету;

Нормативтік қажеттіліктер деңгейінде ауылдың әлеуметтік саласы объектілерінің мазмұны мен эксплуатациясын қамтамасыз ететін тиімді экономикалық механизмді қалыптастыру;

Өндірісті интеграциялау, қызметтің жаңа прогрессивті формасын енгізу жолымен ауылдың әлеуметтік саласының кадрлық және материалдық-техникалық ресурстарын қолданудың тиімділігін арттыру;

Ауыл халқына әлеуметтік қызмет көрсету саласында ауылшаруашылық тауар өндіруші-

лердің, сонымен қатар, басқа да бюджетаралық субъектілердің, шағын кәсіпкерлік құрылымдарының ауылдың әлеуметтік саласына қолайлы шарт жасау;

Ауылдың әлеуметтік дамуына құқықтық және әдістемелік жағдай жасау.

Ауылдық аймақтардың тұрақты және кешенді әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында мына мәселелерді қолға алуға тиіс:

– Стратегиялық және ұзақ мерзімді жоспарлауды жүзеге асыру;

– Жергілікті биліктің қаржылық және материалдық қамтамасыз етілу мәселелерін шешу;

– Жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметі мен олардың жергілікті жердегі тұрақты және кешенді дамудың тиімділігін арттыру;

– Тиісті аумақта қолайлы инвестициялық климат жағдайын қалыптастыру;

– Демографиялық мәселелерді шешу, жастар мен мамандарды ауылға тарту.

Әдебиеттер

- 1 Кантарбаева Ш. Государственное регулирование сельского хозяйства за рубежом // Основы экономики. – 2007. – № 3. – с. 11.
- 2 Матвеева Е., Суншев А. Основные направления устойчивого развития агропромышленного сектора // Международный сельскохозяйственный журнал. – 2006. – № 2. – с. 44 – 46
- 3 Кемел М. Государственное регулирование развития АПК и сельских территорий: Агропромышленный комплекс. // Устойчивое развитие КЗ. – 2005. – № 9. – с. 37
- 4 Мерзлов А., Леонова Н. Разработка программ развития сельских территорий в Германии. // АПК: экономика, управление. – 2009. – № 1. – с. 87
- 5 Шугрина Е.С. Организационные основы местного самоуправления: дис. канд. юрид. наук: 12.00.02. – М., 1997.

References

- 1 Kantarbaeva S. State regulation of agriculture abroad // Basics ekonomiki. – 2007. – № 3. – p. 11.
- 2 Matveeva E., Sunshev A. The main directions of sustainable development of agriculture sector // International Agricultural zhurnal. – 2006. – № 2. – p. 44 – 46
- 3 Kemel M. State regulation of development of agribusiness and rural areas: Agriculture. // Sustainable KZ. – 2005. – № 9. – p. 37
- 4 Merzlov A. Leonov N. development programs in rural areas in Germany // agribusiness economics, upravlenie. – 2009. – № 1. – p. 87
- 5 Shugrina ES Organizational bases of local self-government: dis. cand. jurid. Sciences: 12.00.02. – M., 1997.